


СОЛТУСТІК АМЕРИКА.

- §34. Халқы және елдері. Америка Құрама Штаттары.


- Солтүстік американың халқының саны қазіргі кезде **450 млн ға** жуық. Материктің байырғы халқы **үндістер мен эскимостар**. Материктің солтүстігін мекендеген үндіс тайпалары (**алгонкин, ирокез, атабаска, делавэр т.б**)
- еуропалықтар келмес бұрын аң ж/е балық аулаумен жабайы жемістерді терумен айналысып күнелткен. Ал, Оңтүстік Мексикада мекендеген үндістердің **ацтек, майя** тайпалары жүгері, картоп, қызанақ өсірумен айналысқан. Еуропалықтар келгенге дейін олар Юкатан түбегі мен қазіргі Мексика жерінде жоғары дамыған мемлекет құрған.



- **Алгонкин** –алгонкин тілінде сойлейтін және алгонкин тілдер семьясына жататын Солт Америкадағы үндістер тайпасы.Көпшілігі Квэбекте тұрады.Олардың 9 тайпасы осы аймақта 1 тайпасы Онтариода мекендейді.Олар табиғаттың тылсым күштерне сенген.



- **Ирокез-АҚШ** және Канадада мекендеген тайпалар тобы. Қазіргі кезде АҚШ –да 80 мың, ал Канадада 45 мыңға жуық ирокездер мекендейді.



- XVI ғ басында Американы жаулап алу басталды. Бағынып құл болудан бас тартқан үндістер құнарлы жерлерден қудаланды. Олар еуропалықтар әкелген жұқпалы аурудан қырыла бастады. XVII ғ Кариб теңізіндегі аралдардың байырғы халқы караибтар жойылып кетті. Қазіргі кезде материкте 15 миллионға жуық үндістер қалды. Үндістерден босап қалған жерлерге плантацияларда жұмыс істету үшін Африкадан құлдар әкеле бастады. 20 млн ға жуық негрлер тұрады.

- Негізгі халқын Еуропадан, әсіресе Ұлыбритания мен Франциядан қоныс аударғандар құрайды. Материктегі ең ірі мемлекеттер-Америка Құрама Штаттары мен Канадада тұрады. Халықтың көбі ағылшын тілінде сөйлейді.
- Солтүстік Америкада дүние жүзінде ең дамыған ел-Америка Құрама Штаттары орналасқан. Материктегі бөліктерінің аралығында Канада, ал оңтүстігінде Мексика орналасқан.

- Испандар мен португалдардың басқа халықтармен некелесуі нәтижесінде Американың жаңа халқы:



- Америка Құрама Штаты. Ауданы - 9 млн 363 мың км².
- Астанасы-Вашингтон қаласы
- АҚШ халқы 275 млн ға жуық.



- Вашингтон қаласы-Америка Құрама Штатының астанасы.1791 жылы Джордж Вашингтонның құрметіне қойылған.Ол елдің тұңғыш президенті болған.



- АҚШ жерінің табиғаты алуан түрлі. Көпшілік бөлігі қоңыржай және субтропиктік белдеулерге сәйкес келеді. Батыстағы Кордилерья мен шығыстағы Аппалач тауларының аралығында Ұлы және орталық жазықтар орналасқан.



- Елде мұнай мен табиғи газдың ,тас көмір сияқты пайдалы қазбалардың мол қоры бар.Оларды өндіруде ұдайы ғылым мен техника жаңалықтары қолданылып отырады.Сол себепті АҚШ шаруашылығы жедел дамуда,ел өнеркәсіп өнімдерін шығару жөнінде дүние жүзінде 1 орында.

- Шаруашылығы сан салалы. Ең жетекші саласы- машина жасау өнеркәсібі. 125 қалада автомобиль шығарылады. Соның ішінде **Дейтройт** қаласы автомобильдер қаласы деп атайды.



Батыстағы Лос-Анджелес қаласы ғарыштық техника мен электроника орталығы болса, Сиэтл қаласында алып Боинг ұшағы жасалынады.



- АҚШ тың ең ірі қаласы –Нью –Йорк аспанмен таласқан биік үйлерімен ерекшеленеді және қалада Біріккен Ұлттар ұйымының ғимараты,ірі банктер,дүкендер бар.



- Қолайлы табиғат жағдайларымен сипатталатын елдің солтүстігінде әлемге әйгілі Диснейленд көптеген демалыс орындары бар.

Disneyland
Park



- Лос-Анджелес қаласында кино өндірісінің орталығы – Голливуд орналасқан.



